АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП
АЛУЛАР БӨЛІМІ» ММ

АКИМАТ ГОРОДА
АКТОБЕ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ГУ «ОТДЕЛ ГОСУДАРСТВЕННЫХ
ЗАКУПОК ГОРОДА АКТОБЕ»

Бұйрық **№ 216** **Приказ**

Ақтөбе қаласы «17» маусым 2019 жыл

Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі басшысының 2019 жылғы 6 мамырдағы № 184 «Конкурстық комиссияның құрамын және конкурстық құжаттаманы бекіту туралы» бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабы 3-тармағы 1 тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 3-параграфының 53 және 54 тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі басшысының 2019 жылғы 6 мамырдағы № 184 «Конкурстық комиссияның құрамын және конкурстық құжаттаманы бекіту туралы» бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған бұйрығымен құрылған «Ақтөбе қаласының аумағында балалар ойын алаңдарын орнату» бойынша ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың рәсімдеуін орындау үшін конкурстық комиссияның төрағасы болып "Ақтөбе қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ басшысының міндетін атқарушы Утеулин Жандос Талғарұлы енгізілсін;

комиссия төрағасы Бисембин Ж.Т. шығарылсын.

Негіздеме:

2019 жылғы 6 маусымдағы Ақтөбе қаласының әкімі І. Испановтың № 257 өкімі.

Бөлім басшысы **Б. Ниязбеков**